**Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақталуы бойынша тексеру парағының нысанын және мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 ақпанда № 10206 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2015 жылғы 1 шілдедегі № 207 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 01.07.2015 № 207 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 15-баптарына, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағы 9) және 9-1) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 27), 33) және 37) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тексеру парағының нысаны осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы департаменті осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының орынбасары С.Қ. Ахметжановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *Қ. Қожамжаров*

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
Төрағасының
2014 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 88 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

## Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тексеру парағының нысаны

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

Тексеруді тағайындау туралы акт__________________________________
(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

Бизнес сәйкестендіру нөмірі
_______________________________________________________________

Орналасқан жердің мекен-жайы (бақылау субъектісінің заңды мекен-жайы)
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

Тексеру мерзімі: «__» _____ 20__ ж. және «__» ______ 20__ ж. аралығы

| № | Талаптар тізімі | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары | | | |
| 1 | Мемлекеттік қызметтің бекітілген стандартының болуы | | |
| 2 | Мемлекеттік қызметтің бекітілген регламентінің болуы | | |
| 3 | Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлардың болуы | | |
| 4 | Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпаратты ұсынуы | | |
| 5 | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруы | | |
| 6 | Көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарының мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленген мерзімдерде қаралуы және олардың қарау нәтижелері туралы хабардар етілуі | | |
| 7 | Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету | | |
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау | | |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету | | |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуі | | |
| 11 | Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) және оның аумақтық бөлімшелеріне ұсынылуын қамтамасыз етуі | | |
| 12 | Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсыну | | |
| 13 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу | | |
| 14 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылаудың тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес болу | | |
| 15 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | | |
| 16 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің регламентін әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | | |
| 17 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілген немесе өзгертілгеннен кейін оның көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңарту | | |
| 18 | «Электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастыру | | |
| 19 | Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жария талқылаулар өткізу | | |
| 20 | Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау | | |
| 21 | Қазақстан Республикасының заңнамасымен тегін ұсынылуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді тегін негізде көрсету | | |
| 22 | Көрсетілетін қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар етпеу | | |
| Мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары | | | |
| 23 | Мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құру бойынша шектеулерді сақтау | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Персоналды басқару қызметімен (кадрлық қызметі) мемлекеттік қызмет туралы заңнамасы талаптарының сақталуы | | |
| 25 | Мемлекеттік қызметшілермен мемлекеттік және еңбек тәртібінің сақталуы | | |
| 26 | Мемлекеттік қызметке кірген тұлғалардың «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көрсетілген талаптарына сәйкестігі | | |
| 27 | Мемлекеттік органдарда жұмыс уақытының ұзақтығы талаптарының сақталуы | | |
| 28 | Іссапарлар кезіндегі кепілдіктер мен өтемақылардың сақталуы | | |
| 29 | Мүдделер қақтығысында «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының сақталуы | | |
| 30 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, басқа лауазымға ауысу және мемлекеттік қызметті тоқтату тәртібі талаптарының сақталуы | | |
| 31 | Мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысын беру кезіндегі талаптарының сақталуы | | |
| 32 | Мемлекеттік қызметшілерге қатысты әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз ету бойынша талаптарының сақталуы | | |
| 33 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдау тәртібі, сондай-ақ ант мәтінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісі антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің ант беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 319 Жарлығының талаптарына сәйкестігінің сақталуы | | |
| 34 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшіге тәртіптік жаза қолдануда Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану туралы Ережесі тәртібінің сақталуы | | |
| 35 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларымен қарастырылған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сақталуы | | |
| 36 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы Ережесі талаптарының сақталуы | | |
| 37 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген, мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесімен қарастырылған, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің біліктілігін арттырудың кезеңділігі талаптарының сақталуы | | |
| 38 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен бектілген, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалардың талаптарын сақталуы ( нормативтік құқтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 2013 жылы 20 наурызда № 8380 тіркелген) | | |
| 39 | Мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне алу туралы ұсынымының Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ережесінде көрсетілген талаптарға сәйкестігі | | |
| 40 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2003 жылғы № 02-0102/59 Бұйрығымен бекітілетін, мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімін толтыру нысаны бойынша ұсыныстарының сақталуы (нормативтік құқтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 2290 тіркелген) | | |
| | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 9-қаңтардағы № 02-01-02/05 бұйрығымен бекітілген, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 41 | лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптарымен қарастырылған «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санаттарының А, В, С, Б, Е санаттары топтарының біліктілік талаптарына, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындалған тұлғалардың сәйкестігі (нормативтік-құқтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 5084 тіркелген) | | |
| 42 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 12-тамыздағы № 02-01-02/164 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту жөніндегі ережесімен көзделген талаптарға Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарының сәйкестігі (нормативтік құқтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 7157 тіркелген) | | |
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің талаптары | | | |
| 4 3 | Мемлекеттік қызметшілермен Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 20-1 бабы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 5 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы Ережелері) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі) талаптарының сақталуы | | |
| 44 | Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін үш күн мерзімде Ар-намыс кодексімен жазбаша түрде таныстырылуы | | |
| 45 | Ар-намыс кодексінің мәтінінің мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орналастырылуы | | |
| 46 | Қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстанудың сақталуы | | |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары | | | |
| 47 | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуы | | |
| 48 | Жеке істе мемлекеттік қызметшінің міндетті өтетін арнайы тексерудің оң нәтижелерін алғаны туралы ұлттық қауіпсіздік органы хатының болуы жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарының сақталуы | | |
| 49 | Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, қаржылық бақылау шараларының сақталуы | | |
| 50 | Мемлекеттік қызметшілермен өздерінің жақын туыстары немесе ері (зайыбы) атқаратын қызметтерге тікелей бағынысты лауазымдарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаруына болмайтын туралы шектеулердің сақталуы | | |
| 51 | Мемлекеттік қызметшілермен, Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген, мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын басқа қызметпен айналысу бойынша шектеулердің сақтаулы | | |
| 52 | Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың болуы | | |
| 53 | Игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың болуы | | |

Тексерістің аяқталу күні ____________________________________________

Тексерісті жүргізуге уәкілетті лауазымды тұлғалар:

_______________________________________________ ___________

Тегі, аты, әкесі (егер болса) лауазымы (қолы)

_______________________________________________ ___________

Тегі, аты, әкесі (егер болса) лауазымы (қолы)

Тексерілетін субъектінің басшысы таныстым: ______________________________________________ ___________

Тегі, аты, әкесі (егер болса) лауазымы (қолы)

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
Төрағасының
2014 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 88 бұйрығына
2-қосымша

## Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Мемлекеттік қызмет туралы», « Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Ар-намыс кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ережеге сәйкес, тексерілетін субъектілерді белгілі бір тәуекел тобына жатқызу үшін әзірленген.

2. Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – қызметтеріне бақылау және қадағалау жүргізілетін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғалар;

2) тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері – салалық даму ерекшеліктері мен олардың дамуына әсер ететін факторларды ескере отырып, тексерілетін

субъектілердің тікелей қызметімен байланысты, әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

3) тәуекел – мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсету және мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін қолдану нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушыларға зиян келтіру, сондай-ақ меритократиялық, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттік принциптеріне негізделген, мемлекеттік қызмет жүйесінің кәсібилендірілуінің төмендеуіне, мемлекеттік қызметшілердің, сонымен бірге жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы.

## 2. Объективті критерийлерді ескере отырып, тексерілетін субъектілерді жоғары, орташа және елеусіз тәуекел топтарына бөлу

3. Алғашқыда барлық бақылау субъектілері елеусіз тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

4. Әр тәуекел критерийі бойынша шекті мөлшерде тиісті бал беріледі.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың критерийлері болып мыналар табылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде бұзушылықтар анықталған өтініштер саны:

1 ден 3 дейінгі өтініштер – 4 балл;

4 тен 7 дейінгі өтініштер – 7 балл;

7 ден жоғары өтініштер – 10 балл.

2) мемлекеттік органдардың жыл сайынғы «мемлекеттік қызметтер көрсету» бағыты бойынша қызметінің тиімділігін бағалау қорытындысы:

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің жоғары деңгейі – 2 балл;

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің орташа деңгейі – 4 балл;

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің төмен деңгейі – 7 балл;

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімсіздігі – 10 балл;

3) мемлекеттік органдардың жыл сайынғы «персоналды басқару» бағыты бойынша қызметінің тиімділігін бағалау қорытындысы:

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің жоғары деңгейі – 2 балл;

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің орташа деңгейі – 4 балл;

Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның қызметі тиімдігінің төмен деңгейі – 7 балл;
Бағалау қорытындысы бойынша мемлекеттік орган қызметінің тиімсіздігі – 10 балл;
4) жоспарлы, жоспардан тыс тексерулермен және басқа мемлекеттік органдардың тексеру қорытындысымен анықталған бұзушылықтар саны:
1-ден 10 дейінгі бұзушылық – 4 балл;
11-ден 20 дейінгі бұзушылық – 7 балл;
21-ден жоғары бұзушылық – 10 балл.
5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бекітілген стандарты мен регламентінің болмауы – 10 балл;
6) мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылуы:
есеп кезеңінде көрсетілген жалпы қызмет санының 0,1-ден 2 %-ға дейін – 2 балл;
есеп кезеңінде көрсетілген жалпы қызмет санының 2-ден 5 %-ға дейін – 5 балл;
есеп кезеңінде көрсетілген жалпы қызмет санының 5 %-дан жоғары – 10 балл;
7) қызметтік міндеттеріне, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі кіретін қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етудің болмауы – 10 балл;
8) мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына ішкі бақылау нәтижелерін мониторингілеу шеңберінде шындыққа сай келемйтін есептік ақпарат ұсыну – 10 балл;
9) көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы хабардар етпеу – 10 балл.
10) мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік қызмет, қызметтік этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қылмай салаларындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтау бойынша дер кезінде шара қабылдамауы ( анықталған бұзушылықтардың санына қарамастан) – 10 балл.
5. Барлық критерийлер бойынша жалпы жиынтық қорытындыны анықтау үшін тәуекел критерийлері бойынша балдар қосылады.
6. Барлық критерийлер бойынша жиынтық қорытындының нәтижелері бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесінің топтары бойынша қайта бөлу үшін қолданылады.
7. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесінің топтары бойынша қайта бөлу мынадай түрде жүргізіледі:
1) тәуекел дәрежесінің төменгі тобына тексеру жиілігі бес жылда 1 рет 0-ден 55-ке дейін бал жинаған бақылау субъектілері жатады;
2) тәуекел дәрежесінің орташа тобына тексеру жиілігі үш жылда 1 рет 56-дан 65-ке дейін бал жинаған бақылау субъектілері жатады;

3) тәуекел дәрежесінің жоғары тобына тексеру жиілігі бір жылда 1 рет 65-тен жоғары бал жинаған бақылау субъектілері жатады.

## 3. Қорытынды ережелер

8. Тәуекел деңгейі жоғары немесе орташа деңгейдегі тексерілуші субъектілерді тексеру кезеңділігі, алдыңғы тексеру тексерулердің нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға байланысты анықталады.

Тексерулердің нәтижесінде бұзушылықтар анықталған және анағұрлым жоғары балл алған жағдайда, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіндегі тексерілуші субъектілер, тексеру аяқталғаннан соң, бір айдың ішінде тиісінше жоғары немесе орташа тәуекел дәрежесіне ауыстырылатын болады.

9. Тәуекел дәрежесінің бір деңгейлі шеңберінде тексерілуші субъектілерге тексерулер жүргізу үшін іріктеу принциптері:

1) берілген (алған) баллдардың едәуір сомасы бойынша;

2) берілген баллдар тең болған жағдайда, едәуір тексерілмеген кезеңі бар субъектілер тексеру жоспарына енгізіледі.

Тәуекел дәрежесінің бір деңгей шеңберінде тексеру жүргізу үшін субъектілерді іріктеу Агенттіктің лауазымды тұлғаларымен тексерілетін субъектілердің қызметіне тексерулердің нәтижелеріне сәйкес жарты жылда бір рет жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 88 бұйрығына
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының күші жойылды деп танылатын бұйрықтарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы» 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 02-01-02/167 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8187 болып тіркелген, 2013 жылғы 19 қаңтарда № 34-38 (27977) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы» 2013 жылғы 4 мамырдағы № 06-7/64 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8485 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 маусымда № 146 « Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы» 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 02-01-02/167 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 18 қарашадағы № 06-7/165 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9010 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 ақпанда № 27 (28251) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК